

**"Балық шаруашылығы су тоғандарында балық және басқа су жануарларын аулаудың 2012 жылға арналған лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 16 қаңтардағы № 67 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 наурыздағы № 304 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Балық шаруашылығы су тоғандарында балық және басқа су жануарларын аулаудың 2012 жылға арналған лимиттерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 16 қаңтардағы № 67 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген балық шаруашылығы су тоғандарында балық және басқа су жануарларын аулаудың 2012 жылға арналған лимиттерінде:

«Жайық-Каспий бассейні» деген бөлім осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2012

жылғы

7

наурыздағы

№ 304

қаулысымен

бекітілген

**Жайық-Каспий бассейні**

(тоннамен)

№	Балық және басқа су жануарларының түрлері	Су тоғандарының атауы				Барлығы
		Жайық өзені сағалық кеңістігімен	Батыс Қазақстан облысы шегінде	Қиғаш өзені сағалық кеңістігімен	Каспий теңізі	
1	2	3	4	5	6	
1	Бекіре тәріздестер, оның ішінде:					12,335
2	Қортпа	2,0****	-	-	-	
3	Шоқыр	7,0****	-	-	0,1	
4	Орыс бекіресі	2,0****	-	-	0,215	
5	Пілмай	1,0****	-	-	-	
6	Парсы бекіресі	-	-	-	0,02	

7	Күтім	-	-	-	0,2***	0,2
8	Қаракөз	1540,0	-	1060,0	1756,0	4356,0
9	Ірі балықтар, оның ішінде:	3377,0	77,22	1145,0	5778,0	10377,22
10	Көксерке	1433,0	7,63	79,0	938,0	2457,63
11	Сазан	280,0	37,85	101,0	1957,0	2375,85
12	Ақмарқа	1160,0	10,67	7,0	859,0	2036,67
13	Жайын	380,0	10,0	550,0	946,0	1886,0
14	Шортан	116,0	-	408,0	1078,0	1602,0
15	Беріш	8,0	11,07	-	-	19,07
16	Ұсақ балықтар, жергілікті және қолтық балықтар, оның ішінде:	5728,0	81,76	2879,0	2438,0	11126,76
17	Табан	5496,0	38,78	1904,0	1483,0	8921,78
18	Мөңке	51,0	-	690,0	156,0	897,0
19	Алабұға	-	-	49,0	94,0	143,0
20	Оңғақ	-	-	23,0	26,0	49,0
21	Қызыл қанатты шұбар балық	-	-	98,0	89,0	187,0
22	Балпан	42,0	13,44	115,0	145,0	315,44
23	Көктыран	-	13,03	-	28,0	41,03
24	Қылыш балық	15,0	16,51	-	208,0	239,51
25	Айнакөз	124,0	-	-	209,0	333,0
26	Шабактар, оның ішінде:	-	-	-	8400,0	8400,0
27	Кәдімгі	-	-	-	5100,0	5100,0
28	Анчоус тәрізділер	-	-	-	3300,0	3300,0
29	Майшабактар, оның ішінде:	-	-	-	756,0	756,0
30	К а с п и й қарынсауы	-	-	-	200,0	200,0
31	Бадырақ көз қарынсау	-	-	-	290,0	290,0
32	Жұмырбасты қарынсау	-	-	-	266,0	266,0
33	Кефаль	-	-	-	1900,0	1900,0
34	Жиыны*	10657,0	158,98	5084,0	21028,535	36928,515